

Д. Т. Көптілеуова, Қ. Аубакирова

ЕГИПЕТ ЖАЗУШЫСЫ САЛАХ МААТАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

XX ғасырдың екінші жартысына қарай Египет әдебиетінде прозаикалық жанрлардың жаңа жүйесі пайда болып, қисса қасира (новелла, әңгіме), қисса тауила (повесть) мен риуайалар (роман) қалыптаса бастады. Романның алғашқы еуропалық үлгілерінің пайда болуынан кейін жарты ғасыр өткен соң Египет романы XVIII ғасырдағы сентименталдық-ағартушылық романдардан бастап, XX ғасырда Еуропа әдебиетінде кең тараған Толстой шығармашылығының үлгісіндегі шынайы роман-эпопеялардың тәжірибелеріне дейін меңгере бастайды (Нагиб Махфуздың «Бейн әл-Касрейн» атты трилогиясы). Мысырлық романистер өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы «жанартушылар» толқынының «жергілікті» (адаб махаллий) немесе ұлттық (адаб қауми) әдебиетін құру туралы мәселелерін шешу мақсатында XIX ғасырдың соңындағы ағартушылық проза мен классикалық ортағасырлық әдебиеттің жанрлық формаларынан алшақтай түсті.

XX ғасырда орын алған тарихи жағдайлар әдеби төңкерістердің жылдам дамуына септігін тигізіп, әрбір жаңа онжылдық египет романы мен оның жанрлық формалары мен стилінің дамуында өшпес із қалдырып, жаңа кейіпкерлердің алдыңғы қатарға шығуына ықпал етті. Мысыр тарихында XX ғасырдың 80 жылдары «мінбердегі өлімнен» бастау алады. 1981 жылы қазан айында Октябрь соғысының сегіз жылдығына орай ұйымдастырылған мерекеде Мысыр президенті Садатқа қасақана шабуыл жасалады. Бұл оқиға келесі онжылдықтарға да өз әсерін тигізіп, романистикада осы онжылдықтың қорытындылары мен Садаттың жүргізген «инфитах» (Египет экономикасының Батыс елдеріне, әсіресе Америка капиталы мен жалпы мәдениетіне ашық болуы) саясатының нәтижесінде елде орын алған жағдайлар ашық талқыға түсіп, 1952 жылғы төңкерістен кейін болған тарихи жағдайларды қайта қарастыруға деген қажеттілік пайда болады /1/.

Осыған қарамастан роман кез келген өзекті мәселелер төңірегінде ойды ашып айтуға мүмкіндік беріп, әлеуметтік-тарихи ғылымдармен қатар сол замандағы қоғамның жағдайын зерттеуге қатысады. Мысырлық әдебиеттанушы Габер Асфурды айтуы бойынша: «роман өкініш пен арманды білдіретін, бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтін, қарам-қарсы ойлардың жиынтығы» болып табылады. Египетте 90 жылдары романдардың саны көбейіп, талантты жазушылардың қатарында жаңа есімдер пайда болып,

тамаша үлгіде жазылған шығармалардың барлығын қарап үлгірмейтін сыншылардың да, оқырман қауымның тарапынан да романға деген қызығушылық арта түседі /2/.

Роман жазуда Суналла Ибраһим, Гамаль әл-Гитани, Йусуф әл-Қуаййид, Баха Тахер, Мұхаммед әл-Бусати, Ибраһим Аслан, Хайри Шалаби сияқты 60 жылдардағы жазушылармен қатар өздерінің алғашқы шығармалары арқылы әдеби сыншылардың назарына іліккен жазушылардың жаңа толқыны да пайда болады.

Мысырлық жазушылардың романдарында Мысырды суреттеу кезінде көбіне әйел бейнесі алынатын (араб тілінде Мысыр әйел текті сөзге жатады). Н.Махфуз, С. Ибрагим, Г. әл-Гатани секілді жазушылардың шығармаларында әйел бейнесі арқылы Мысырға деген адал махаббат пен туған жердің көркем сипаттары, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлер мен ұлттық сана-сезімнің өсуі де анық суреттелген /3/.

80-90 жылдар аралығындағы Египет әдебиеті мен осы жылдар аралығындағы жазушылардың шығармашылығы, жоғарыда аталып кеткендей, түрлі бағыттар мен тақырыптарды қамтып, әр түрлі деңгейде дамыған болатын. Осы кезде халық арасында үлкен сұранысқа ие болып, зор жетістікке жеткен шығармалардың авторлары сол дәуірде қоғамда орын алған маңызды мәселелерді қамтып, халықтың мұң-мұқтажын көрсетіп, елдің тығырыққа тірелген ауыр кезеңін суреттеуге тырысты. Жоғарыда аталған араб елінің ұлттық мақтанышына айналған жазушылардың қатарына 80 жылдардан бастап өзінің ерен еңбегі мен таланты арқылы көзге түсе бастаған Салах Маатаны да атап өтуге болады. Ол жаңа араб әдебиетінің негізін қалаушы жазушылардың бірі. Оның араб әдебиетіндегі ғылыми фантастикалық қысқа әңгімелер мен романды дамытуға қосқан үлесі мол.

Бірнеше қиссалар жинағы мен романдардың авторы Салах Маата 1959 жылы 30 наурызда Каир қаласында дүниеге келген. Оның отбасы әдебиетке өте жақын болған, бауырларының бірі өлең шығарса, екіншісі роман жазумен, енді бірі балалар әдебиетімен айналысқан. Салах Маата осындай шығармашылық ортандан өнегелі тәрибие алап, жастайынан өзінің ерекше қабілеті мен талантының арқасында көзге түсе бастайды. 1983 жылы Каир Университетінің Халықаралық Сауда бөлімінде бакалаврды бітіріп, кейін 1993 жылы осы университетте журналистика факультетінің бұқаралық ақпараттар бөлімінде жоғары білім алады. Ол жастайынан

ғылыми-фантастикалық қысқа әңгімелер жаза бастайды. 1980 жылы ақпан айында 19 жастағы Салах Маата қысқа әңгімелер жазудың асқан шебері, араб елдерінде атағы кең тараған Й.Хаққимен алғаш рет кездеседі. Йахия Хаққи талантты жасқа ұстаздық етіп, оны өз қамқорлығына алып, араб әдебиеті мен «Жаһилия» («қараңғылық») ғасырының поэзиясы, муаллақаттар мен мақамалар, қысқа әңгімелер мен жалпы араб тілі төңрегінде баға жетпес мағлұматтар береді. Осындай ұлы жазушының шәкірті болып, онымен үздіксіз қарым-қатынаста болған Салах Маата ұшан теңіз тәжірибе жинап, жаңа араб әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан сол замандағы ұлы ақын-жазушылар, әдебиетші, журналистермен кездеседі. Й. Хаққи алғашқы кездесуде-ақ өзінің асқан дарындылығы мен әдебиетке деген құштарлығы арқылы көзге түскен Салах Маатаның қысқа әңгімесін тыңдағанан соң, оның «әл-Ахрам» газетіне жариялануына өз септігін тигізеді. Осылайша жас Маатаның «Дауылдан бұрын» («ما قبل العاصفة») атты алғашқы еңбегі де 1982 жылы баспасөз бетіне жарыққа шығады («әл-Ахрам» газеті, 1982/4/1). Кейін оның бұл әңгімесі 1991 жылы басылып шыққан «Бес минуттық ғұмыр» («العمر خمس دقائق») атты ғылыми-фантастикалық қиссалар жинағына енеді.

1980 жылдан бастау алған Йахия Хаққимен достық қатынасы жазушының жүрегінде өшпес із қалдырады. Ол өзінің 1995 жылы жарыққа шыққан «Уасиат сахиб әл-қиндил» («وصية صاحب القنديل») атты кітабында өзінің ұстазын асқан мейірімділікпен еске алап, одан қалған өсиет туралы сөз қозғайды. Жазушы бұл өсиетте өміріне шуақ шашып, естен кетпес бақытты шақтар сыйлаған өзінің асыл достары жөнінде сыр шертеді. Салах Маата осы өсиетте аты аталған Мухаммад Асамат, «араб тілі ұйымының» мүшесі Махмуд Мұхаммад Шакир, сыртқы істер министрлігінде қызмет етеп, елші болған Усман Асал, Египет әдебиеті мен әдеби сынының дамуына зор үлес қосқан Фуад Дуар, бірнеше қысқа әңгімелердің авторы Мұхаммад Румиш, неміс әдеби мұрасын араб тіліне аударған талантты әдебиетші Мұстафа Махир, «әл-Ахрам» газетінің тілшісі, әдебиетші әрі жазушы Сами Фарид, зерттеуші, ақын Абдуллаһ ас-Сайд Шараф, Абдулхақим Қасим, әдебиетші әрі жазушы Абдулманаа Мауд, ақын Ахмад Теймур сияқты тұлғалармен кездесіп, сұхбат алған /4/.

Талантты жазушы әрі әдебиетші Салах Маата мысырлық жазушылар одағының және қиссалар клубы мен кинематография бірлестігінің мүшесі болып табылады. Оның журналистика саласына қосқан үлесі де ұшан теңіз. Оның көптеген еңбектері «Бахрейн күндері» («الأيام

البحرينية»), «Араб Әмірліктерінің хабарламасы» («البيان الإماراتية»), Сауд Аравиясының клубы («المنتدى السعودية»), «Республика», («الجمهورية»), «әл-Ахрам» («الأهرام»), «Каир» («القاهرة»), Мысырдағы «Әңгіме» («القصة»), Кувейттегі «Ғылыми даму журналы» («العلمي التقدم»), «Кеш» («المساء»), «Ғылыми фантастика» журналы («مجلة الخيال العلمي») сияқты көптеген Египет пен басқа да араб елдеріндегі газет-журналдарда үздіксіз жарияланып тұрған. Салах Маата «Араб даусы» атты радиохабарында мәдени бағдарламаның жүргізушісі, жиырма бес шақты шығарманың авторы, түрлі мәдени шаралардың ұйымдастырушысы ретінде де танымал. Өзінің бірнеше шығармалары үшін әдебиет саласындағы түрлі республикалық және халықаралық сыйлықтардың жеңімпазы атанған. Салах Маата мысырлық телеарналар мен радио бағдарламалар үшін көптеген кештер ұйымдастырып, үздіксіз шығып тұратын драмалық шығармалар да жазған. Каир даусында шығып көрермендер мен тыңдармандарға арналған, режиссері Мұхаммад Абд ан-Наби, ал басты рөлдерде Мухаммад Абу Хасан, Ләйлә Хамада, Шариф Хайрулла ойнаған «әл-Бахс ан Шамандал» («البحث عن شمندل»); режиссері Мухсин Фикри, ал бас кейіпкерлердің рөлінде Ахмад Бади, Фадийа Абдулгани, Ахмад Захир және Халид Махмуд сияқты әртістер ойнаған «ас-Салманийа» («السلمانية»); режиссері Инас Хулми, басты рөлдерде Халид Махмуд, Ахмад Махир сияқты атақты мысырлықтар ойнаған «Атфал хакаму әл-алам» («أطفال حكموا العالم»), режиссері Мамдух Мурад пен басты рөлдерде Мухаммад Риад, Мирна Уалид, Рашуан Тауфиқ ойнаған «Халиһа ала Аллах» («على الله خليفها») атты сериалдар да жазушының еңбектері бойынша түсірілген. Сонымен қатар оның «Шамаил қазынасы» («خزانة شمائل»), «Сура уа астура» («صورة و أسطورة»), «ас-Синдбад ахзан» («السندباد أحزان»), «Ләйал әл-Хахим» («ليالي الحكيم») атты сириялар мен «Саадун бидун ажнаха» («سعدون بدون أجنحة») және «Махжуб бимақлұб» («محبوب بالمقلوب») атты фильмдер де жазушының драмалық еңбектерінің желісінде түсірілген. Осыдан Салах Маатаның шығармаларының халық арасында кең тарап, үлкен сұранысқа ие болғанын көре аламыз.

Салах Маатаның жиырмадан астам шығармасы баспадан шығып, үлкен жетістікке ие болған. Оның алғашқы еңбегі «Анқазу һаза әл-Каукиб» («أنقذوا هذا الكوكب») деген атпен 1985 жарыққа шығады. Жазушының бұл еңбегі бірнеше ғылыми фантастикалық әңгімелердің жинағы болып табылады. Оның ғылыми фантастикалық бағытта жазылған шығармаларының қатарына 1991 жылы жарыққа шыққан «әл-Умр хамса дақайқ» («العمر خمس دقائق»), 1997 жылы

шыққан «Бинт әл-хауи» («بنت الحوي»), 2002 жылы баспадан шыққан «Бадрия би-хулта ас-срийа» («بدرية بالخطلة السرية») атты әңгімелер жинағы мен «Аилат ас-сайд рақм уахид» («عائلة 1 السيد رقم») атты драматургиялық шығармасын жатқызуға болады. Сонымен қатар Салах Маатаның 2003 жылы жарыққа шыққан «Қаратис» («قراطيس»), 2005 жылы жарияланған «Махжуб би-л-мақлуб» («محجوب بالمقلوب») және 2006 жылы баспадан шыққан «Уиун Аништейн» («عيون») атты әңгімелер жинағы мен «Ас-Салманийа» («السلمانية»), 2006), «Ас-Салманийа-2» («2-السلمانية»), 2009), «Науас ан-наржис» («النجس»), 2008), атты романдар мен «Шамаил қазынасы» («شمال خزانة»), 2008 жарыққа шыққан), «Бидар ашиқ ад-Диар» («بدار عاشق الديار»), 2007) атты тарихи романы мен «әл-Каукаб әл-Жәнна» («الكوكب الجنة»), 2008 жыл), «Бардейн» («بردين»), 2008 жыл) атты ғылыми фантастикалық романы да халық арасында кең тараған. 2010 жылы «Шафрат адам» («شفرة آدم»), «Афарит транзит» («عفاريت ترانزيت») және ғылыми фантастикалық жанрда жазатын араб жазушысы Ниһад Шариф Амидтың өмір жолы туралы «ражул задуһу әл-хиал» («رجل زاده الخيال») атты шығармалары баспадан шыққан. Египет әдебиетіне өшпес мұра қосқан Салах Маата қазіргі таңда «Саид әл-Ақмар» («صائد الأقمار», роман), «Руаш сахиб әл-жараж» («رواش صاحب الجراج») атты түрлі әңгімелер жинағын және «Мудар ан-Нисйан» («مدار النسيان») мен «әл-Бахс ан Шамандал» («عن شمندل») атты ғылыми-фантастикалық драмалық шығармаларын баспаға әзірлеуде. Оның «әл-Умр хамса дақайк» («العمر خمس دقائق») атты әңгімелер жинағы мен «әл-Каукаб әл-жәнна» («الكوكب الجنة») және «Шамаил қазынасы» («شمال خزانة») атты романдары француз және ағылшын тілдеріне аударылған /5/.

Журналистика саласында ерен еңбек етіп, бірнеше қысқа әңгімелер мен романдар жазған талантты жазушы әдебиеттің дамуына да айтарлықтай үлес қосқан. Ол өзінің «Уасиат сахиб әл-киндил» («وصية صاح القنديل»), 1995), «Сахуат» («ثمرة»), 1995 жыл), «Самрат хуб хайб» («حب خائب»), 1995 жыл) және «Уасиат сахиб әл-киндил-2» («2-وصية صاح القنديل»), 2009 жыл) атты еңбектерін араб әдеби тілінің дамуына үлкен үлес қосып, өзінің артындағы ұрпақтарына өшпес мәдени мұра қалдырған Мысырдың атақты новеллист-жазушысы, керемет стилист Йахия Хақкидің (1905-1992) өмірі мен шығармашылығына арнады. «Аурақ мажһула ли Й. Хақки» («روح يحيى»), 05.03.1997.), «Руху ад-дуаба инд Йахия Хақки» («رواح يحيى عند», 03.01.1997.), Ноһа және Самимен бірге жазған «Асрар Йахия Хақки» («أسرار يحيى»), 10.01.2004.) атты мақалаларын да жазған.

Йахия Хақки жаңа Египет әдебиетінің көрнекті өкілі, сөз өнерінің асқан шебері, әдеби сыншы әрі Египет әдебиетінің тарихшысы болып табылады. Оның шығармашылығы жоғары көркемдігі мен тақырыптардың ауқымдылығы арқылы ерекшеленеді. Жазушының шығармашылық мұрасына «Умм Хашимнің шамшырағы» («قنديل أم»), «دماء وطنين») («Қан мен сазбалшық»), «أم العواجز»), «Уатсыздардың анасы» («عنتر و جوليت»), «Антар мен Джульетта» («الفراش الشاغر»), 1961) атты әңгімелер жинағы мен «Ұйқыдан оянау» («صح النوم»), 1959) атты повесті жатады. Қазіргі Египет әдебиеті тарихының дамуына зор үлес қосқан оның әдеби сынға арналған еңбектері 22 кітап болып жинақталған. Олардың ішінде «Мысырлық әңгімелердің дамуы» («فجر القصص المصرية»), «Сыни көзқарастарға жасалған қадамдар» («عشق في النقد»), «Сөзге ғашық болу» («عطر الأحباب»), «Ғашықтардың хош иісі» («ناس في الظل»), «Үміттің қақпасынан» («من باب العشم»), «Қарапайымдылық ұраны» («أثشودة» "البساطة"), «Барлығы да Аллаһтың қалауымен» («خليها علي الله»), «Мәдени мәселелер» («هموم ثقافية») сияқты еңбектерін атап өтуге болады.

Салах Маата «Уасиат сахиб әл-киндил» («وصية صاحب القنديل») атты кітабын өзінің ардақты ұстазы қысқа әңгімелердің пионері атанған Й. Хақкиді суреттеуден бастап, онымен алғашқы кезедсуін жастық шағының жарқын естелігі ретінде баяндайды. Ұстазының жанында жүріп, араб тілінің қыр-сырына қанығып, оның әдеби мұрасынан сусындаған жазушы Йахия Хақкидің жақын достарымен кездесіп құнды мәліметтер жинап алады. Й. Хақкимен ұзақ уақыт бірге болып, оның өмірімен жан-жақты таныс болған Маата өзінің бірнеше еңбегін Й. Хақкидің өмірі мен шығармашылық жолына арнай отырып, араб әдебиетінің дамуына зор үлес қосады.

Салах Маатаның жоғарыда аталған шығармалары үлкен жетістікке жетіп, осы еңбектері арқылы жоғары дәрежедегі сыйлықтардың иегері атанады. Жазушының жарыққа шыққан бірнеше шығармаларының ішінде сегізге жуығы түрлі сыйлықтарға ие болған. Оның 1985 жылы жарыққа шыққан ғылыми фантастикалық әңгімелерден жинақталған «Анқазу һаза әл-каукаб» («أنقذوا هذا الكوكب») атты алғашқы еңбегі Мәдинет саласындағы Жоғары Кенестің тағайындаған сыйлығына ие болса, 1991 жылы баспадан шыққан «әл-Умар хамса дақайк» («العمر خمس دقائق») атты қысқа әңгімесі мәдениет саласындағы республикалық сыйлыққа ие болған. 1993 жылы жарияланған «Аилат ас-сайд рақм уахид» («عائلة السيد رقم 1») атты драматургиялық шығармасы үшін Салах Маата Мұхаммад Теймур

атындағы сыйлықтың жеңімпазы атанады. М. Теймур (1892-1921) өзінің қысқа ғұмырына қарамастан жаңа араб әдебиетінің дамуына зор үлес қосып, қысқа әңгімелер мен драмалық шығармалардың қалыптасуына ықпал етіп, ағартушылық саласында қажырлы еңбек еткен мысырлық жазушылардың көрнекті өкілі. Ол өзінің інісі атақты жазушы Махмұд Теймурдың әдеби көзқарастарын нығайтуға және оның әрі қарай дамуына ат салысып, өзінің Еуропадан алып келген білімін үйретеді. Мұхаммад Теймур атындағы сыйлық 1990 жылдан бастап жазушылар одағы, мәдениет министрі мен Рашида Теймурдың бастауымен Египет пен араб әлеміндегі талантты жазушыларды ынталандыру мақсатымен жыл сайын ұйымдас-тырылып келеді.

2000 жылы «ас-Салманийа» («السلمانية») атты туындысы бірінші дәрежелі, «әл-Каукаб әл-жанна» («الكوكب الجنة») атты туындысы «Әңгіме» клубының роман саласына берілген үшінші дәрежелі сыйлығына ие болған. 2004 жылы «Бадрайа би-л-хутла ас-сыррийа» («بدرية بالخطلة السرية») атты жинағы үшін жазушылар одағының бірінші дәрежелі сыйлығына ие болады. 2005 жылы «Шамаил қазынасы» («خزانة شمائل») атты шығармасы Ихсан Абдулқуддус атындағы романдар сайысында екінші орынды иемденсе, 2006 жылы «Махжуб би-л-мақлуб» («محبوب بالمقلوب») атты әңімесі қазіргі әдеби дәуірдегі жазушылардың сайысында жүлделі орынға ие болады.

Салах Маата өз шығармашылық жолын ғылыми-фантастикалық әңгімелер жазудан бастайды. Жазушының аутуы бойынша ғылыми фантастикалық әңгімелер мен роман жазу оңай шаруа емес. Ол автордан асқан шеберлік пен түрлі ғылым саласындағы жан-жақты білімділікті, дүниетанымның кеңдігі мен ой ұшқырлығын талап етеді. Ол осы салада «ар-Ра'и» және «Ғылыми фантастика» сияқты журналдарда бірнеше мақалаларын жариялайды. Оның жарыққа шыққан алғашқы еңбегі де ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағы болған. Салах Маатаның «әл-Умр хамса дакаиқ» атты әңгімелер жинағында да «Көмір қоймасынлағы екі адам» («رجلان في مخزن الفحم»), «Робат» («روبوت»), «Секіру» («الطفرة»), «Бес минуттық ғұмыр» («العمر خمسة دقائق»), «Шейх Масудтың болжамы» («نبوءة الشيخ مسعود»), «ақымақ» («توقف الساعة»), «Уақыт үйлесімділігі» («مجنون»), «Гильотина қателескен кезде» («عندما تخطئ»), «العاصفة ما قبل»), «Дауылдан бұрын» («العاصفة ما قبل») сияқты он шақты ғылыми фантастикалық әңгімелерден тұрады /6/.

Салах Маата бастапқы кезде тек қысқа әңгімелер жазумен шұғылданса, кейін көрнекті араб

жазушыларының бірі, сыни реализмнің өкілі, «шығармашылығы араб елдерінде үлкен атакқа ие болып, кең тараған Нагиб Махфузбен кездескеннен кейін романдар жаза бастаған /7/.

Оның ағылшын, француз тілдеріне аударылып, үлкен жетістікке жеткен романдарының бірі ретінде мәмлүктер кезіндегі тарих баяндалатын «Шамаил қазынасы» атты романын ерекше атап өтсе болады. «Шамаил қазынасы» атты шығарма, сөз жоқ, Египет романының көркем дамуындағы ірі кадам, араб әдебиетіне дем бітірген шығарма десек те болады.

Онда автор Мысырда әмір болған Алам ад-Дин Шамаилдің Каир қаласында өзінің атын тарихта қалдыру мақсатымен әл-Камил Мұхаммад ибн әл-Адыл Абу Бақр ибн Айюбтің тұсында салдырған Шамаил қазынасы атты үлкен түрменің тарихы жайында баяндайды. Кейін бұл түрмеге Шейх Махмуди қамалып, бұл жерден шықса Шамаил қазынасын бұзып, орнына үлкен мешіт тұрғызуға ант береді /8/.

Қазіргі таңда әл-Муайяда мешіті Каир қаласының оңтүстігінде орналасқан ең үлкен мешіттердің бірі, бұл жер 2002 жылдан бастап Египет мәдениет министрінің нұсқауымен туристік аймаққа айналған.

Салах Маатаның «Шамаил қазынасы» атты романын оқу барысында автордың араб әлемінде болып жатқан талас-тартыстар мен алауыздықтарды, әсіресе Ирак пен Америка арасындағы соғыстан кейінгі араб елдерінде орын алған саяси жағдайларды Сұлтан Насыр Зин ад-Дин Абу ас-Суадат Фарадж ибн Бурқұқтың тұсындағы тарихи оқиғалар арқылы көрсеткенін байқауға болады /9/.

Жанры жағынан қарастырғанда бұл шығарма тарихи роман болып табылады. Автор адам жанының құпия сырларын шүкшия зерделеп, саралайды. Салах Маатаның шығармасына тарихи оқиғалар арқылы қоғамдағы алдыңғы сапқа шыққан мәселелерді көрсету тән.

Салах Маата шынында да тарихи шындық арқылы қазіргі араб әлемінде орын алған әлеуметтік шындық пен адамдардың тарихы, олардың өмір жолын көрсетуде үлкен жетістікке жетті /10/.

Салах Маата өз шығармаларында қоғамда болып жатқан ащы шындықты көрсете отырып, сол замандардағы арабтар арасында кең тараған әдет-ғұрып заңдылықтарының қатыгездігін, адам теңсіздігі мен қоғамда кең жайылған әділетсіздікті әшкерлей отырып, араб қоғамының алға ілгерілеуіне зор үлесін қосқан. Ол бұл жолда аянбай еңбек еткен. Адамдар жүрегінде қайырымдылық, адамгершілік, еңбекқорлық сынды сезімдерді орнатқысы келген. Әлем әдебиетіндегі өзекті тақырыптардың бірі –

белгілі бір халықтың бейнесін, оның жан дүниесін, жан-жақты ашу мен жалпы адамзаттық құндылықтарды бағалау болып табылса, Салах Маата да өз шығармаларында 80 жылдардан бастап араб әдебиетінде алға қойылған осы мәселені тілге тиек етіп, оны ұлттық ерекшеліктер арқылы әрлендіре түседі.

Салах Маата өмірге шынайы көзбен қарап, мистикалық көріністерден бас тартады. Оның авторлық ұстанымы – қоғамда шынайы орын алған надандық, зұлымдық, қаталдық, әділетсіздік сияқты жағымсыз сипаттарды көрсету болып табылады. Мәмлүктер кезеңінде болған оқиғаны баяндай отырып, бір ғана кейіпкерге үлкен көңіл бөліп, оның психологиялық жағдайына, ішкі әлемі мен оны қоршаған әлемге басты назар аударады. Салах Маата адамның іс-әрекеті мен оның мінез-құлқын, нақты жағдайларға қатысты оның жан дүниесінде пайда болған сезімдері мен жан күйзелісін өте шебер суреттейді. Жазушы бірқатар мысырлық жазушылардың шығармашылығындағы негізгі ұстанымдарының бірі болып табылатын қысқалық пен нақтылық принципін ұстанады.

Маата өзінің кейіпкерлерін көрсету үшін, әртүрлі бейнелеу әдіс-тәсілдерін қолданады. Ең алдымен жазушы кейіпкеріне нақты мінездеме бере отырып, оның ішкі дүниесі мен қоршаған ортасын сипаттайды. Кейіпкерлердің ішкі әлемінде орын алған түрлі сезімдері мен олардың қайғы-қасіреттерін, ой-толғаныстары мен дүниетанымын айқын суреттейді.

Қаншама әдебиет өкілдері түрлі кезеңдерде тәуелділік пен еріксіздік сияқты ұғымдардан арылуға тырысып, осы тақырыптарда өшпес шығармалар жазып, бүкіл қаламгерлік ғұмырын арнап, түрлі жағдайларда жеке адам тағдырының құрбандыққа шалынуы мен әділетсіздікке ұшырауын басты орынға ала отырып, халықтың санасын ояту үшін аянбай еңбек етіп, бақытты ұрпақ тәрбиелеудің жолын көрсетуді мақсат еткен.

Салах Маатаның айтпағы да осы мәселелермен тығыз байланысты болып келеді. Өйткені, ол өзінің «Шамаил қазынасы» атты романының бас кейіпкері Жәләл ад-Дин Жумдардың бейшара халге түсіп, бір сәтте өмірінің тасталқаны шығып, бақытынан айырылуы ең алдымен араб халқының ұлттық дүниетанымы мен діни-философиялық көзқарастарынан бастау алып жатқанын аңғару қиын емес.

Бұл романдағы бар оқиға, сыртқы әлем Жәләл ад-Диннің санасындағы құбылыстар арқылы өрбиді.

Жалпы автор кейіпкер тіршілігін өз бейнелік қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, үміт-ынтасына, іс-әрекетіне қарай бір қою оқиға қомында бейнелеуге тырысқан. Адамның толқу-тебіренуі, өмір жолындағы бұралаң-бұлтарыстарының логикалық құбылыстары, сананың үздіксіз күресі т.б. мұнда үлкен шеберлікпен суреттелген.

Кез келген шығармада оның табиғатын ашатын тәсілдердің қолданылатыны хақ. Олай болса, "Шамаил қазынасы" романында да адамның өміріндегі түрлі құбылыстар мен олардың жан дүниесін ашып, характер сомдауға зор үлес қосатын, іс-әрекеттің нанымдылығын да дәлелдерлік логикалық шешімдерді ширықтыратын көркемдік компоненттердің жүзеге асқаны анық көрінеді.

Салах Маата өзінің жоғарыда аталған шығармасы арқылы Жәләл ад-Дин сынды араб қоғамындағы әділетсіздік пен қатыгездіктің құрбаны болып отырған мыңдаған адамның тағдырын шынайы көрсете білді.

1. Кирпиченко В.Н., Сафронов В.В. История Египетской литературы XIX-XX веков. - Москва, 2003
2. Ахбар әл-Адаб, 22.02.1998
3. "РОССИЯ — ВОСТОК — ЗАПАД", издательство "Наследие", - Москва, 1999, сс. 265-278
4. Маата Салах. «Шамшырақ егесінен қалған өсиет» («وصية صاح القندیل»), 1995
5. www.salah-maaty59.ahlamontada.com
6. Маата Салах. «Бес минуттық ғұмыр» («العمر خمس دقائق»), -Каир, 1991
7. «Қысқа әдеби энциклопедия», т. 2, - М., 1964, 874 б.
8. Салах Маата. «Шамаил қазынасы» («خزانة شمائل»), 2008
9. Фарид Сами. Не қалды? Шамаил қазынасы тарихтың бастауы, Каир, 22. 05.2008.
10. Абуд Мустафа Абуд. Шамаил қазынасы... Тарихи роман қалай жазылады? «әл-Уафд», Каир, 23.08.2008

В данной статье рассматриваются биография и творчество одного из самых талантливых писателей-новеллистов Египта Салаха Маата (род. 1959, 30 марта) и его большой вклад в развитии современной арабской литературы, а также развитие и направление египетского романа 80-90 - годов.

This article considers with biography and creation works of one of the Egyptian writers Salah Maaty and his big contribution in developing modern Arabic literature as well as tendencies and progresses of Egyptian novels in 80-90th.